

Павлодар облысы Павлодар қаласының Шәукен селосын есептеу деректерінен шығару және тарату туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 93/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2860 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабының 3) тармақшасына, Павлодар қаласының мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 18 тамыздағы "Шәукен селосын есептеу деректерінен шығару және тарату туралы" N 70/8 бірлескен шешімі, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 23 қарашадағы "Шәукен селосын есептеу деректерінен шығару және тарату туралы" N 281/9 қаулысы негізінде, облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шәукен селосы елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты жойылсын және есептеу деректерінен шығарылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А. Гуськов

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров